

**Аршалы ауданының шекараларында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 3 тамыздағы № 44/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 9 қыркүйекте № 4971 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 3/2 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Аршалы аудандық мәслихатының 15.04.2016 № 3/2 (қол қойылған күнінен бастап өз күшіне енеді) шешімімен РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 444 бабының 1 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына сәйкес, Аршалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аршалы ауданының шекараларында Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы*

*К.Үстенбеков*

*Аудандық мәслихатының  
хатшысы*

*Ю.Сериков*

**КЕЛІСІЛДІ**

*Аршалы ауданының әкімі*

*Ж.Нұркенов*

2015 жылғы 03 тамыз

